

THE COEXISTENCE OF PSYCHOLOGY AND THE SUPERNATURAL IN IVAN TURGENEV'S NOVELLA THE SONG OF TRIUMPHANT LOVE

Abstract. The purpose of this article is to provide a comprehensive analysis of the coexistence of psychological and supernatural elements in Ivan Turgenev's novella *The Song of Triumphant Love*. The study employs descriptive, cultural-historical, and psychological research methods. It examines how mystical and paranormal elements are woven into the narrative, becoming not only an integral part of its artistic metaphorical structure but also an important means of revealing the inner world of the characters. Particular attention is paid to the symbolism of the supernatural motifs used by Turgenev, which are interpreted as expressive devices for conveying the psychological processes and hidden emotions of the protagonists. The novelty of the research lies in interpreting the paranormal elements of the novella not only in the traditional sense as reflections of the mystical nature of the events but also as artistic projections of the characters' psychological states. This approach offers a new perspective on the interaction between the internal and the external, the real and the supernatural, within the structure of the novella, while also revealing the profound connection between psychological insight and mysticism in Turgenev's poetics. The analysis leads to the following conclusions: psychology and the supernatural are closely interconnected in the selected work by Turgenev, and the mysterious serves as a means of revealing the characters' inner world; supernatural elements reinforce the psychological depth of the novella and enrich its artistic structure, while mystical images such as the serpent, pearls, hypnosis, and others perform symbolic functions, unifying the plot into a coherent artistic composition.

Keywords: Ivan S. Turgenev, «Mysterious Tales», paranormal phenomena; supernatural phenomena, psychology.

Автор туралы мәлімет

Марта Садовска - Шығыс Еуропа зерттеулері институты, Филология факультеті, Лодзь университеті, Лодзь, Польша, e-mail: marta.sadowska@edu.uni.lodz.pl, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5199-7524>.

Сведения об авторе

Марта Садовска – Институт восточноевропейских исследований, филологический факультет, Лодзинский университет, Лодзь, Польша, e-mail: marta.sadowska@edu.uni.lodz.pl, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5199-7524>.

Information about author

Marta Sadowska – institute of East European Studies, Faculty of Philology, University of Lodz, Łódź, Poland, e-mail: marta.sadowska@edu.uni.lodz.pl, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5199-7524>.

*Поступила в редакцию 30.04.2026
Принята к публикации 29.06.2026*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2\(6\)-9](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2(6)-9)
FTAMP: 17.01.09

А.С. Еспенбетов, А.Т. Смагулова*

Шәкәрім университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А
*ORCID 0000-0002-7509-7025
*e-mail: akma.2000.2006@mail.ru

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ РОМАНЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ІЗДЕНИСТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі роман жанрының тууы, қалыптасуы мен жанрлық-стильдік даму эволюциясы қарастырылған. Зерттеудің негізгі объектісі ретінде ұлттық прозаның алғашқы қарлығаштары саналатын М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С. Көбеевтің «Қалың мал» туындыларымен қатар, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» және «Кім жазықты?» романдары алынды. XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдардың («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы) роман жанрының пайда болуына қосқан меценаттық және ағартушылық үлесі, соның ішінде Есенғұл қажы Маманов жариялаған

тұңғыш роман бәйгесінің тарихи маңызы мен ұлттық сананы оятудағы ролі жан-жақты талданады. С.Торайғыров шығармаларындағы әйел теңсіздігі, әлеуметтік қайшылықтар, отарлау саясатының зардаптары және ұрпақтар арасындағы рухани дағдарыс мәселелері көркемдік деңгейде зерделенеді. Сонымен бірге, автор туындыларындағы лиризм мен прозаның үндесуі, фольклорлық дәстүрлер мен этнографиялық элементтердің қолданылу ерекшеліктері, сондай-ақ кейіпкерлер психологиясын ашудағы портреттік және хат-диалог формаларының қызметі теориялық тұрғыдан негізделеді. Зерттеу нәтижесінде ХХ ғасыр басындағы қазақ романдарының шағын көлемділігіне қарамастан, мазмұндық әрі әлеуметтік салмағы жағынан толыққанды реалистік роман деңгейіне көтерілгендігі, ұлттық прозаның классикалық арнасын қалыптастырғаны толық дәлелденеді.

Тірек сөздер: Сұлтанмахмұт Торайғыров, жанрлық эволюция, «Қамар сұлу», «Кім жазықты?», реализм, поэтика, фольклорлық дәстүр.

Кіріспе

Белгілі бір ұлттың әдебиетінде роман жанрының пайда болуы мен қалыптасуы – сол халықтың рухани кемелденуін, мәдени өскендігін және интеллектуалдық биігін тапжылтпай танытатын ең басты сапалық өлшемдердің бірі болып табылады. Роман – күрделі құрылымды, сан қатпарлы өмір шындығын кең ауқымда қамтитын, адам мінезі мен санасындағы эволюциялық немесе дағдарыстық құбылыстарды іштей ашып көрсететін эпикалық тектің жоғарғы формасы. Сондықтан да ұлттық сөз өнерінің тарихында романның тууы, оның жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесінің орнығуы әдебиеттану ғылымының назарынан ешқашан тыс қалған емес.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық романның қалыптасу тарихы мен оның поэтикалық ерекшеліктерін зерттеу бағытында іргелі еңбектер жазылды. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік әлемін зерделеген ұжымдық зерттеулерден бастап, М. Қаратаев, З. Ахметов, С. Қирабаев, Р. Бердібаев, Е. Лизунова, Л. Әуезова, А. Нұрқатов, Ш. Елеукенов, Б. Шалабаев, М. Атымов, Ә. Байтанаев сияқты ірі ғалымдардың монографиялық еңбектері қазақ прозасының жанрлық деңгейін ғылыми тұрғыдан саралап берді. Тәуелсіздік кезеңінде бұл үрдіс Б. Майтанов, Ж. Дәдебаев, Қ. Ергөбек, Т. Сыдықов, Т. Жұртбай, Т. Рахымжанов, З. Бисенғали, А. Ісімақова, Қ. Алпысбаев сынды зерттеушілердің жаңа әдістемелік тұрғыдағы соны еңбектерімен толығып, қазақ романының ғылыми объект ретіндегі мәртебесін жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Қазақ сөз өнерінің тарихында «роман» ұғымының пайда болғанына және оның белсенді жанрлық формаға айналғанына тарихи тұрғыдан алғанда көп уақыт өте қойған жоқ. Дей тұрғанмен, бұл жанрдың бастау көздері қазақ халқының сан ғасырлық рухани мәдениетімен, соның ішінде бай ауыз әдебиеті және жыраулық поэзия дәстүрімен тығыз байланысты. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас шеніндегі қазақ қоғамындағы ұланғайыр әлеуметтік-саяси өзгерістер, патшалық Ресейдің отарлау саясатының күшеюі, дәстүрлі көшпелі тұрмыс салтының дағдарысқа ұшырауы ұлттық әдебиеттің алдына жаңа түрлік және жанрлық ізденістерді талап еткен үлкен міндеттер қойды. Дәуірдің күрделі келбетін жинақтап, қоғамдық қайшылықтар мен қосқыртысты оқиғаларды, адамның санасы мен мінез-құлқындағы күрделі психологиялық құбылыстарды суреттеуде бұрынғы шағын өлең немесе дастан үлгілері жеткіліксіз еді. Осы орайда, қазақ зиялылары қазақ тұрмысы мен ұлттық мінезін реалистік тұрғыдан бейнелей алатын кең құлашты эпикалық жанр – романға жүгіну қажеттігін анық түсінді.

Роман әдебиеттегі маңызды жанрлардың бірі деуге болады. Қазақ әдебиетінде жаңа сипатты роман ХХ ғасырдың басында пайда болды. Алайда, ұзақ жылдар бойы қазақ романдарының көлемі қысқа және композициясы жетілмеген деген пікірлер айтылып келді [1]. ХХ ғасырдың басында Арысұлы «Қазақ» газетінде жарияланған «Роман не нәрсе?» мақаласында: «Романның ішкі мағынасы – тіршіліктің жарық һәм күңгірт жағын бейне өзіндей етіп суреттеп адамның өзіне көрсету. Роман адамзаттың өмірін, дәуірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна», – деп жазды [2].

Бұл анықтама ұлттық әдебиетте реализм әдісінің орнығуына үлкен қозғау салды. Осы кезеңде қазақ топырағында алғашқы роман үлгілері ретінде Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» (1910), Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» (1913), Тайыр Жомартбаевтың

«Қыз көрелік» (1912) шығармалары дүниеге келді. Бұл қатарда Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» және өлеңмен жазылған «Кім жазықты?» романдары өзіндік көркемдік қуатымен, әлеуметтік тақырыпты ерекше өткірлікпен қоя білуімен ерекшеленеді.

Михаил Бахтин бір кездері әдебиет пен тілдің «ұлы кейіпкерлері ең алдымен жанрлар болып табылады», ал «бағыттар» мен «мектептер» тек «екінші немесе үшінші дәрежелі кейіпкерлер» ғана екенін атап өткен. Шынында да, жанрлар әдеби зерттеулердің ең маңызды тақырыптарының бірі болып келеді. Жанртану саласы ХХ ғасырда ерекше қарқында дамып, Владимир Пропптың «Ертегінің түрленуі», Розали Колиның «Жанрлар жүйесі және әдебиеттің функциялары», Цветан Тодоровтың «Жанрлардың шығу тегі» сияқты кеңінен танылған еңбектердің қатарын тудырды. Алайда жанртануға арналған еңбектер қаншалықты көп болса да, зерттеушілердің назарында әрдайым роман жанры басты орын алады. Себебі роман – Бахтиннің айтуынша, «дамуын әлі де жалғастырып келе жатқан, әлі аяқталмаған жалғыз жанр» [3].

Зерттеудің өзектілігі ХХ ғасыр басындағы қазақ романының, соның ішінде С. Торайғыров туындыларының жанрлық сипатын, олардың бойындағы фольклорлық және еуропалық романдық дәстүрлердің синтезін, сондай-ақ әдеби процестің қалыптасу кезеңіндегі мерзімді басылымдар мен меценаттық қолдаудың рөлін кешенді әрі жүйелі түрде зерделеу қажеттілігінен туындайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің материалдық базасы ретінде ХХ ғасырдың басындағы ұлттық баспасөз үлгілері, атап айтқанда, «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналында жарияланған әдеби-сын мақалалар, хабарлар мен пікірталастар алынды. Сондай-ақ, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» және «Кім жазықты?» романдарының мәтіндері негізгі зерттеу материалы болып табылады. Салыстырмалы талдау үшін М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С. Көбеевтің «Қалың мал» шығармаларындағы сюжеттік және образдар жүйесі қолданылды.

Зерттеу жұмысында заманауи әдебиеттану ғылымының келесі әдіснамалық принциптері мен әдістері пайдаланылды:

Роман жанрының тууын ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси және мәдени контекстімен байланыстыра отырып, оның қоғамдық сананы оятудағы қызметін анықтау үшін тарихи-функционалдық әдіс қолданылды.

С. Торайғыровтың романдары мен оның замандастарының шығармалары арасындағы ортақ тақырыптық (әйел теңсіздігі, қалыңмал, ескі салт-сана) және идеялық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды саралау мақсатында салыстырмалы-типологиялық әдіс пайдаланылды. Сонымен қатар, қазақ романының қалыптасу ерекшеліктері әлемдік (орыс, еуропа) роман дәстүрлерімен (В. Скотт, Ч. Диккенс, Л. Толстой, А.Пушкин) типологиялық тұрғыдан салыстырылды.

Нәтижелер мен талқылау

ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдеби, мәдени дамуында «Айқап» журналы (1911-1915) мен «Қазақ» газеті (1913-1918) халықтың ұлттық санасын оятудың, қоғамдық ой-пікірді қалыптастырудың басты мінбері болды. Бұл басылымдар тек ақпараттық қана емес, сонымен бірге әдебиетті зерттеу, бағыт-бағдар беру және жаңа жанрлық формаларды орнықтыру ісінде де жетекші рөл атқарды. «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының беттерінде жарияланған материалдар туған топырақта роман жанрының дүниеге келуі мен даму заңдылықтары туралы іргелі теориялық тұжырымдар жасауға негіз болады.

Осы бағыттағы ең елеулі тарихи оқиғалардың бірі – «Қазақ» газетінде жарияланған «Білім жарысы» атты арнайы хабар-мақалалар сериясы болды. Бұл мақалада әлемнің озық елдеріндегі ғылым мен өнерді дамытудың тетіктері сөз болып, соның ішінде жыл сайын үздік ғалымдар мен жазушыларға берілетін халықаралық Нобель сыйлығы үлгі ретінде көлденең тартылды. Мақала авторлары ғылым мен өнердің барлық саласы бойынша бәйге жариялауға әзірше қазақ қоғамында материалдық және кадрлық мүмкіндіктің шектеулі екенін ескере отырып, негізгі әңгімені әдебиет бәйгесін тағайындауға бұрады. Ондағы мақсат – қазақ арасына білім тарататын кітаптар шығаруға ұйытқы болу және әдебиет аулында жүйріктердің халықтың құлқын түзеуге септігін тигізетін жақсы романдар жазуына жағдай жасау еді.

Бұл ретте «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынов, сондай-ақ газет айналасына топтасқан Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов сияқты ұлт зиялыларының қазақ мәдениетін көтеру қамында тізе қосып, жүйелі іс ұйымдастырғаны анық аңғарылады. Газеттің 1913 жылғы 16 шілдедегі санында «Қазақ» газетінің бастырушысы Мұстафа Оразаевтың әкесі, көзі ашық, ұлтжанды азамат Ахметишан Оразаев «Бәйге тігемін» атты шағын хабар жариялап, білім жарысына ат қосатын зиялыларды қолдауға шақырды [4]. Ол қазақтың ат бәйгесіне мал шашқанша, адам тәрбиелейтін білім жарысына демеуші болуының пайдасы зор екенін баса айтты. Газет беттерінде қазақ байларының ұсақ мақтанға, партиягершілік пен орынсыз ас беруге дүниені босқа шашып, халық пайдасы, ғылым талабы деген жолға келгенде өте сараңдық танытатын салбөксе мінезі ащы сынға алынды.

Осы бұқаралық қозғаудың нәтижесінде қазақ әдебиетінің тарихында алтын әріптермен жазылған ірі меценаттық қадам жасалды. Жетісу өңіріне ғана емес, исі қазаққа белгілі, атақты «Мамания» медресесін ашқан, қазақ балаларын өз қаражатымен оқытқан даңқты Маман байдың ұрпағы – Есенғұл қажы Маманов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 28 ақпанындағы санында екі кішкентай перзентінің қазасына байланысты, олардың көзіндей көрерлік игілікті іс қалдыру мақсатында роман бәйгесін жариялады. Ол үздік шығарма үшін 200 сом ақша тігетінін мәлімдеді [5].

Есенғұл Маманов бәйгеге түсетін шығармалардың көркемдік сапасын қамтамасыз ету үшін сыншылар алқасының құрамына зор мән берді. Ол өз хатында әділ қазылар ретінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Сералин, Райымжан Мәрсеков, Шәкәрім Хұдайбердин, Жақып Ақбаев, Нармамбет Ормамбетов және Нұрғали Құлжанов сияқты дәуірдің ең беделді тұлғаларын лайықтады [6]. Есенғұл байдың бұл қадамын «Айқап» журналының редакторы, белгілі журналист Мұхаметжан Сералин де қызу қолдап, «Роман жарысы туралы» көлемді мақала жазып, оқырман қауымға роман жанрының қоғамдық мәнін тереңірек түсіндірді. Ол қазақ байлары сайлау таласына бар дәулетін жұмсап жүрген заманда Есенғұл байдың бұл ісін «қараңғы түнде қалың жұлдыз арасында жарқыраған айға» теңеді. Осылайша, ұлттық баспасөз бен меценаттардың бірлескен әрекеті қазақ топырағында роман жанрының тууына тікелей институционалдық ықпал етті.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы қаламгер өмірінің Троицк кезеңінде, шамамен 1913-1914 жылдар аралығында жазылған. Шығарма тек автор шығармашылығының ғана емес, XX ғасыр басындағы бүкіл қазақ әдебиетінің ең үлкен табыстарының бірі болып табылады. Романды оқығанда ең алдымен көзге түсетін басты ерекшелік – тақырыптың аса өзектілігі мен кермек татыған ауыр қоғамдық шындықтың реалистік тұрғыдан ашылуы.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының ең асқынған әлеуметтік кеселі – әйел теңсіздігі, қыздарды малға сату (қалыңмал) және ескі ақсақалдық салт-сананың құрбанына айналдыру үрдісі еді. Бұл тақырып С. Торайғыровпен қатар М. Сералин, С. Көбеев, С. Дөнентаев сияқты демократ жазушылардың да басты шығармаларында өткір сыналды.

Әдебиет зерттеушісі Әнуар Дербісалин атап көрсеткендей, «Қамар сұлу» романы бірде поэзия, бірде проза түрінде жазыла отырып, қазақ өмірінің сол тұстағы халін әр тарапта жан-жақты ашады және мұны көркем кейіпкерлердің шындық қимыл-әрекеттері негізінде дәлелдейді. Шығармадағы бас кейіпкер Қамар – тек қана сұлулығымен емес, сонымен бірге ақыл-парасатымен, зеректігімен және өлең шығаратын ақындық талантымен дараланатын жаңа типті қазақ қызының бейнесі. Автор оқырманды Қамармен таныстырғанда оның «ақыл, ой, мінез, көрік түгел келген» кемел тұлғасын өлең жолдарымен өрнектейді [7].

Романдағы сюжеттік тартыс Қамар, Ахмет, Қасен сияқты ояу, білімді жастар тобы мен Жорға Нұрым, Оспан би, Қалтан қажы секілді ескіліктің, надандық пен зұлымдықтың өкілдері арасында өрбиді. Қамар мен Ахметтің арасындағы кіршіксіз таза махаббат сезімі дәулеті шалқыған Омардың (Қамардың әкесі) өз болысының бұрынғы хан тұқымы, елуге таяп қалған, надан әрі қатыгез Жорға Нұрыммен құдаласуынан кейін трагедиялық сипат алады. Жорға Нұрымның портретін жасауда Торайғыров реалистік суреткерлік шеберліктің озық үлгісін көрсетеді: ол «әліпті таяқ деп білмейтін надан, аузы толған боғауыз бен насыбай, пішіні сұп-суық бүйі секілді түксиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, тоқпақ

мұрын» залым ретінде сипатталады. Бұл – кейіпкердің ішкі мазмұны мен сыртқы ұсқынсыз тұлғасын шендестіре бейнелеудің сәтті тәсілі.

Шығарманың композициясында хат формасы (эпистолярлық стиль) ерекше көркемдік қызмет атқарады. Қамар мен Ахметтің, Ахмет пен Қасеннің, Жорға Нұрым мен Қамардың арасындағы хаттар жай ғана хабарлама емес, кейіпкерлердің ішкі психологиялық тебіреністерін, жүрек дірілін жеткізетін және олардың әлеуметтік көзқарастарын айқындайтын хат-диалогтар болып табылады. Қамардың Ахметке жазған хатындағы:

«Не пайда сен де оқыдың, мен де оқыдым, Қалмаса арттағыға үлгі бойда?», – деген жолдар оның тек жеке басының қамын ойламай, ұлт болашағын, жастардың парасаттылығын ойлайтын деңгейге көтерілгенін аңғартады.

Романның шарықтау шегі – Жорға Нұрымның нөкерлерімен келіп, Омардың отбасын соққыға жығып, Қамарды зорлықпен байлап әкетуі және оған неке қию, бақсы ойнату көріністері. Бұл эпизодтарда қазақ ауылындағы надандар ортасының сықпыты психологиялық дәлдікпен беріледі: «Жамбас ұстап, жал шайнап дүрілдескен ақсақалдар мен сойған малдың қан-жынына тойып күрілдескен төбеттер» бір-біріне параллель ретінде алынып, адамгершіліктен жұрдай болған тобыр аяусыз шенеледі. Қамар өз басына түскен зұлымдыққа, Бәйтек молданың неке қию әрекетіне запырланды зармен, лағнетпен жауап береді. Ол өлім тұзағына ілінсе де, Ахметке деген адал махаббатына антын бұзбайды. Көз жұмар алдындағы Қамардың қоштасу сөзі – ескі салтқа, қыздарды шалдардың мазағына салатын қоғамға шығарған соңғы үкімі.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1915 жылы жазған келесі ірі туындысы – «Кім жазықты?» романы. Автор әуелде шығарманы «Әжібай болыс» деп атағанымен, кейіннен негізгі идеялық жүк пен проблемалық сауалды алдыға шығару мақсатында атауды өзгерткен. Ғалым Ысқақ Дүйсенбаев атап өткендей, романда дәстүрлі мағынадағы бір жақты жағымды кейіпкер жоқ, Әжібай бейнесінің қайшылығы өте көп. «Кім жазықты?» романы – қазақ әдебиеті тарихындағы өлеңмен жазылған тұңғыш роман ретінде А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» туындысымен типологиялық тұрғыдан үндеседі. Өлеңмен роман жазу қаламгерден үлкен суреткерлік жауапкершілікті талап ететін ауыр жұмыс болса, Сұлтанмахмұт бұл сындарлы істі жоғары кәсіби деңгейде атқарып шықты.

Романның бізге толық нұсқасының жетпей, кейбір бөлімдерінің жоғалып қалуы шығарманың тұтастығы мен авторлық идеяның толық ашылуына белгілі бір дәрежеде нұқсан келтіргені рас. Дей тұрғанмен, қолда бар мәтіннің өзі бұл шығарманы көп жоспарлы, реалистік әлеуметтік роман деп тануға толық негіз береді [8]. Романдағы басты тақырып – ХХ ғасыр басындағы патшалық Ресейдің отарлау саясатының әсерінен қазақ қоғамында туындаған ішкі дағдарыстар, дәстүрлі құндылықтардың іріп-шіруі және адам мінезінің азғындауы.

Жазушы қазақ ауылындағы үш ұрпақ өкілдерінің (Тасболат – Әжібай – Қабыш) бейнесі арқылы әлеуметтік теңсіздік пен тәрбиесіздіктің, өресіздіктің қалай ушығып, дертке айналғанын көркем фильм таспасындай тізбектеп көрсетеді.

Торайғыров ұрпақтар сабақтастығының кері кеткен, деградациялық моделін жасайды. Тасболаттың байлығы мен болыстығы Әжібайда тек еркелік пен нәпсіқұмарлыққа, ал Қабышта толық бұзықтық пен маскүнемдікке ұласады. Автор «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халық даналығын кейіпкерлер тағдыры арқылы нанымды дәлелдейді.

Осы сұрқай ортаға қарама-қарсы қойылатын, оқырман көкейіне жылылық ұялататын бейне – Аппақай. Аппақай – хат білетін, әнге, домбыраға ұста, орысша да сөйлей алатын, жоғары мәдениетті әрі зерек қазақ қызының мүлде жаңа сипатты характері. Әжібай сияқты дөкірлер оны мазақ еткісі келгенімен, Аппақай өзінің парасатымен олардан әлдеқайда биік тұрады. Есенғұл қажы Мамановтың бәйге талабында көрсетілген «таза қазақ тілінде» жазылу шартына «Кім жазықты?» романы толықтай сай келеді.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ романдарының (М. Дулатов, С. Көбеев, Т. Жомартбаев, С. Торайғыров) өзіндік басты ерекшелігі – олардың өне бойында қара сөз бен өлең сөздің (проза мен поэзияның) егіз қатар жарыса жүретіндігі. «Қамар сұлу» романының басталуы мен сюжеттік дамуында өлең жолдарының жиі араласып отыруы кәнігі еуропалық

романистердің классикалық проза заңдылықтарына қайшы келгендей көрінгенімен, бұл құбылысты ұлттық әдебиеттің қалыптасу эволюциясы тұрғысынан түсіну керек.

Ғалым Е.В. Лизунова атап көрсеткендей: «Казахский роман возник не на пустом месте, не из ничего. У казахского романа глубокие национальные корни, тесно связанные с повествовательной традицией изображения национального характера» [9].

Ұлттық сөз өнерінде сан ғасырлар бойы поэзия жанры үстемдік құрып келгендіктен, жаңа туындаған проза формасы халықтың ауыз әдебиетінен, оның көркемдеу құралдарынан қол үзіп кете алмады. Шерияздан Елеуқенов те қазақ романының өзіндік ерекшелігі оның фольклор, ауызша және жазба әдебиет арқылы қалыптасқандығында, ал бұл процесте поэзияның жетекші рөл атқарғандығында екенін дұрыс тұжырымдаған [10].

С. Торайғыров «Қамар сұлу» мен «Кім жазықты?» романдарында фольклорлық дәстүрлерді – қоштасу, айтыс, жар-жар (немесе «зар-зар»), бақсы сарындарын өте орынды қолданады. Қамардың Нұрыммен немесе молдамен сөйлесулері қыз бен жігіт айтысын, шешендік толғауларды еске түсіреді. Сондай-ақ, шығармада этнографиялық салт-ғұрыптық жоралғылар (қол ұстатар, қыз ұялтар, шаш сипатар, неке қияр, Көңілбай бақсының жынын шақыруы) дәуірдің нақты тұрмыстық тынысын реалистік деңгейде танытуға қызмет етеді.

Жазушы кейіпкерлердің ішкі алай-түлей сезімдерін, психологиялық иірімдерін суреттеуде де үлкен жетістікке жеткен. Мысалы, Қамардың Ахметтен алғаш хат алғандағы «бір қызарып, бір сұрланып, жүрегі кеудесіне сыймай, не ашу емес, не қуану емес, белгісіз қысылып, тынышсыздыққа қалуы» – реалистік психологиялық талдаудың нақты көрінісі. Сонымен қатар, автор халық тілінің шұрайлы үлгілерін, мақал-мәтелдерді кейіпкерлердің мінезін даралау үшін шебер пайдаланады. Шығармадағы тілдік қолданыстар романның көркемдік құнын арттырып, оның ұлттық болмысын айқындай түседі. Сыншы Т. Нұртазин С. Торайғыровты өмір сырын танығыш, ой көзі көреген, дарынды жазушы ретінде жоғары бағалаған [11].

Қорытынды

XX ғасырдың басында Арысұлы жолдаған «Роман не нәрсе?» деген сауал мен оған берілген бағдарламалық анықтама ұлттық әдебиеттің даму бағытын айқындаған маңызды тарихи құбылыс болды. Бүгінгі таңда қазақ оқырманы романның не екеніне танданбайды, өйткені бұл жанр ұлттық көркем сөздің өлшеміне, әлемдік әдеби процеске қосқан үлкен олжасына айналды.

XX ғасыр басындағы қазақ романдарының тууына ұлттық мерзімді басылымдардың («Қазақ», «Айқап») ағартушылық қызметі мен Есенғұл қажы Маманов секілді меценаттар ұйымдастырған роман бәйгесі тікелей институционалдық әрі рухани қозғау салды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлу» романы арқылы әйел теңсіздігі мен қалыңмал мәселесін жеке бастың трагедиясы деңгейінен көтеріп, үлкен әлеуметтік-қоғамдық проблема дәрежесінде реалистік тұрғыдан шеше білді.

«Торайғыровтың «Қамар сұлу» романында отбасы институты тікелей әрі өте кең түрде баяндалмаса да, әсіресе бұл институттың алғашқы қадамы болып саналатын неке мәселесіне қатысты әңгімелеу мен сипаттаулар арқылы нақты бағалаулар жасауға болады. Автор-әңгімелеуші шығарма барысында кей тұстарда оқиға желісіне тікелей араласа отырып, ең алдымен неке мәселесі арқылы қазақ қоғамындағы отбасы институтының сол кезеңде қандай әлеуметтік топ ретінде болғанына қатысты пікірлер білдіреді.

«Қамар сұлу» романында отбасы институты кең ауқымды сипатқа ие және патриархалдық ерекшелік байқалады. Отбасы мүшелерінің өміріне әсер ететін шешімдер тек ядролық отбасы мүшелері тарапынан қабылданбайды. Бұл үдерісте нағашылар, ағалар, жеңгелер міндетті түрде сөз айтып, ықпал етеді. Сонымен қатар романның негізгі кейіпкерлерінің бірі Қамардың отбасы мүшелері арасында әйелдердің аз болуы ғана емес, олардың мінез-құлқының ер адамдардан аса айырмашылығы жоқ екені де назар аудартады» [12].

«Кім жазықты?» романы өлеңмен жазылған тұңғыш қазақ романы ретінде ұлттық поэтиканың биік деңгейін көрсетті. Үш ұрпақтың рухани азғындау эволюциясы арқылы отарлық жүйенің қазақ қоғамына әкелген әлеуметтік және адамгершілік дағдарысы аяусыз шенелді.

Алғашқы қазақ романдарына тән проза мен поэзияның аралас келуі, фольклорлық және этнографиялық элементтердің белсенді қолданылуы – бұл жанрдың ұлттық тамырының тереңдігін көрсететін заңды құбылыс.

Рымғали Нұрғали атап көрсеткендей, шығарманың көлемі (шағындығы) оның жанрлық табиғатын төмендетпейді; басты критерий – тақырып ауқымдылығы мен жазушының суреткерлік шеберлігінде [13]. С. Торайғыров романдары өзінің идеялық сонылығымен қазақ әдебиетіндегі роман жанрының іргетасын берік қалады.

Әдебиеттер

1. Bysengaly Z., Xie W. The rise of the novel in Kazakh literature / Z. Bysengaly, W. Xie // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2022. – Vol. 185, № 1. – P. 199-206. – DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph20>.
2. Арысұлы Р. Роман не нәрсе? // Қазақ. – 1913. – 31 мамыр.
3. Bakhtin M. The dialogic imagination. – Austin: University of Texas Press, 1981. – 443 p.
4. Оразаев А. Бәйге тігемін // Қазақ. – 1913. – 16 шілде.
5. Қазақ. – 1914. – 28 ақпан.
6. Мамания / құраст. Ж. Қалиұлы. – Алматы: Атамұра, 1999.
7. Дербісалин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті / Ә. Дербісалин. – Алматы: Ғылым, 1966. – 94 б.
8. Қирабаев С. Октябрь және қазақ әдебиеті / С. Қирабаев. – Алматы: Жазушы, 1968. – 19 б.
9. Лизунова Е. В. Современный казахский роман. – Алма-Ата: Наука, 1964.
10. Елеукенов Ш. От фольклора до романа-эпопеи. – Алма-Ата: Жазушы, 1987.
11. Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 160 б.
12. Bacaklı Y. Sultanmahmut Torayğırulı'nın «Kamar Suluv» Adlı Romanında Sosyal Yapı // Korkut Ata Türkiyat Araştırmaları Dergisi. – 2023. – Özel Sayı 1. – S. 104-124. – DOI: <https://doi.org/10.51531/korkutataturkiyat.1355912>.
13. Нұрғалиев Р. Күретамыр. – Алматы: Жазушы, 1973. – 212 б.

References

1. Bysengaly Z., Xie W. The rise of the novel in Kazakh literature // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2022. – Vol. 185, No. 1. – P. 199–206. – DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph20>.
2. Arysuly R. Roman ne narse? [What Is a Novel?] // Qazaq. – 1913. – 31 May. (in Kazakh)
3. Bakhtin M. The dialogic imagination. – Austin: University of Texas Press, 1981. – 443 p.
4. Orazayev A. Baige tigemin [I Offer a Prize] // Qazaq. – 1913. – 16 July. (in Kazakh)
5. Qazaq. – 1914. – 28 February. (in Kazakh)
6. Mamaniya / Comp. by Zh. Qaliuly. – Almaty: Atamura, 1999. (in Kazakh)
7. Derbisalin A. Qazaqtyn Oktyabr aldyndagy demokratiyashyl adebiyeti [Kazakh Democratic Literature before the October Revolution]. – Almaty: Gylym, 1966. – 94 p. (in Kazakh)
8. Qirabaev S. Oktyabr zhane qazaq adebiyeti [The October Revolution and Kazakh Literature]. – Almaty: Zhazushy, 1968. – 19 p. (in Kazakh)
9. Lizunova E. V. Sovremennyi kazakhskii roman [The Contemporary Kazakh Novel]. – Alma-Ata: Nauka, 1964. (in Russian)
10. Eleukenov Sh. Ot folklora do romana-epopei [From Folklore to the Epic Novel]. – Alma-Ata: Zhazushy, 1987. (in Russian)
11. Nurtazin T. Sheberlik turaly oilar [Reflections on Mastery]. – Almaty: Zhazushy, 1968. – 160 p. (in Kazakh)
12. Bacaklı Y. Sultanmahmut Torayğırulı'nın «Kamar Suluv» Adlı Romanında Sosyal Yapı // Korkut Ata Türkiyat Araştırmaları Dergisi. – 2023. – Özel Sayı 1. – P. 104–124. – DOI: <https://doi.org/10.51531/korkutataturkiyat.1355912>. (in Turkish)
13. Nurgaliev R. Kuretamyр [Main Artery]. – Almaty: Zhazushy, 1973. – 212 p. (in Kazakh)

А.С. Еспенбетов, А.Т. Смагулова*

Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А

*ORCID 0000-0002-7509-7025

*e-mail: akma.2000.2006@mail.ru

ГЕНЕЗИС КАЗАХСКОГО РОМАНА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА И ХУДОЖЕСТВЕННО-ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИСКАНИЯ СУЛТАНМАХМУТА ТОРАЙГЫРОВА

В статье исследуются зарождение, становление и жанрово-стилевая эволюция развития жанра романа в казахской литературе начала XX века. В качестве основного объекта исследования взяты первые ласточки национальной прозы – романы М. Дулатова «Бақытсыз Жамал» («Несчастливая Жамал»), С. Кобеява «Қалың мал» («Калым»), а также произведения Султанмахмута Торайгырова «Қамар сұлу» («Красавица Камар») и «Кім жазықты?» («Кто виноват?»). Всесторонне анализируется меценатский и просветительский вклад периодических изданий начала XX века (газета «Қазақ», журнал «Айқап») в появление романного жанра, в том числе историческое значение конкурса романов, объявленного Есенгулом Кажы Мамановым. На художественном уровне изучаются вопросы женского неравенства, социальных противоречий, последствий колониальной политики и духовного кризиса между поколениями в произведениях С. Торайгырова. Теоретически обосновываются особенности сочетания лиризма и прозы в произведениях автора, использование фольклорных традиций и этнографических элементов, а также роль портретных и эпистолярно-диалогических форм в раскрытии психологии персонажей. В результате исследования доказывается, что, несмотря на малый объем казахских романов начала XX века, по своему содержательному и социальному весу они поднялись до уровня полноценного реалистического романа.

Ключевые слова: казахский роман, Султанмахмут Торайгыров, жанровая эволюция, «Қамар сулу», «Кім жазықты?», реализм, поэтика, фольклорная традиция.

A. Yespenbetov, A. Smagulova*

Shakarim University,
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glink street

*ORCID 0000-0002-7509-7025

*e-mail: akma.2000.2006@mail.ru

THE GENESIS OF THE KAZAKH NOVEL IN THE EARLY 20TH CENTURY AND THE ARTISTIC AND IDEOLOGICAL QUESTS OF SULTANMAHMUT TORAIGYROV

The article explores the origin, formation, and genre-stylistic evolution of the novel genre in Kazakh literature of the early 20th century. The primary objects of the study are the pioneers of national prose: «Bakhtsyz Zhamal» by M. Dulatov, «Kalyn Mal» by S. Kobeyev, as well as the novels «Kamar Sulu» and «Kim Zhazykty?» by Sultanmakhmud Toraigyrov. The paper comprehensively analyzes the patronal and educational contributions of early 20th-century periodicals (the «Kazakh» newspaper and «Aikap» magazine) to the emergence of the novel genre, including the historical significance of the novel competition announced by Yesengul kazhy Mamanov. At an artistic level, the study examines issues of women's inequality, social contradictions, the consequences of colonial policy, and the spiritual crisis between generations in S. Toraigyrov's works. Furthermore, the paper theoretically substantiates the harmony of lyricism and prose in the author's works, the application of folklore traditions and ethnographic elements, and the function of portraiture and epistolary-dialogue forms in revealing character psychology. As a result of the research, it is proven that despite the short length of Kazakh novels in the early 20th century, they attained the level of fully-fledged realistic novels in terms of their thematic density and social significance.

Keywords: kazakh novel, Sultanmakhmud Toraigyrov, genre evolution, «Kamar Sulu», «Kim Zhazykty?», realism, poetics, folklore tradition.

Авторлар туралы мәлімет

Еспенбетов Арап Слямұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Шәкәрім университеті, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: arap_espenbetov@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5984-682X>.

Смагулова Акмарал Тулеугазиновна* – филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім университеті, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>.

Сведения об авторах

Еспенбетов Арап Слямвич – доктор филологических наук, профессор, Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: arap_espenbetov@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5984-682X>.

Смагулова Акмарал Тулеугазиновна – кандидат филологических наук, Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>.

Information about authors

Arap Yespenbetov – doctor of philological sciences, professor, Shakarim University, Semey, Republic of Kazakhstan, e-mail: arap_espenbetov@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5984-682X>.

Akmaral Smagulova – candidate of philological sciences, Shakarim University, Semey, Republic of Kazakhstan, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>.

Редакцияға енуі 16.04.2026

Жариялауға қабылданды 29.06.2026

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2\(6\)-10](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2(6)-10)

FTAMP: 17.01.09

А.К. Калиева

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко к-сі, 28

ORCID: 0000-0003-2645-0918

e-mail: almira0906k@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН ТҮРКІТАНУЫНДАҒЫ ӘДЕБИ-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ БАҒЫТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АРНАЛАРЫ (ОРТАҒАСЫРЛАРДАН КЕҢЕСТІК ДӘУІРГЕ ДЕЙІН)

Аңдатпа. Әдебиеттанымдық түркология ұлттық әдебиеттің тарихи бастауын ортақ тілдік негіз, мифопоэтикалық жад, эпикалық дәстүр, жазба мұра және өркениеттік сабақтастық тоғысындағы көпқабатты рухани-мәдени жүйе ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Мақалада Қазақстандағы әдеби-фольклорлық бағыттағы түркітанудың ортағасырлық рухани-интеллектуалдық бастаулардан кеңестік дәуірдегі академиялық зерттеу жүйесіне дейінгі қалыптасу арналары қарастырылды. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ әдебиеттануындағы түркілік бағыттың тарихи негіздерін, ғылыми сабақтастығын, зерттеу нысандарын және әдіснамалық маңызын жүйелі түрде айқындау. Мақалада зерттеу нысаны ретінде ортағасырлық түркі жазба мұралары, XIX ғасырдағы фольклорлық-этнографиялық деректер, XX ғасыр басындағы ұлттық әдеби-теориялық ой және 1960-1980 жылдардағы диссертациялық зерттеулер алынды. Мақалада тарихи-әдеби, салыстырмалы-типологиялық, тарихи-поэтикалық, герменевтикалық және жүйелеу әдістері қолданылды. Шолу түрінде жасалған талдау нәтижелері қазақ әдебиеті тарихының хронологиялық шекарасын кеңейту мақсатында кешенді түрде жүргізілген іргелі зерттеулердің басым бөлігі Б. Кенжебаев мектебімен академиялық сабақтастықта екендігін айқындайды. Зерттеу нәтижесінде әдебиеттанымдық түркітанудың көне түркілік, ортағасырлық, эпикалық, сопылық-дидактикалық және фольклорлық қабаттарды ұлттық әдеби процесс аясында тануға ықпал еткені анықталды. Мақаланың ғылыми маңызы қазақ әдебиетін жалпы түркілік мәдени-өркениеттік кеңістікпен сабақтастықта пайымдауымен айқындалады. Практикалық құндылығы зерттеу нәтижелерін қазақ әдебиеті тарихы, түркітану, фольклортану және салыстырмалы әдебиеттану пәндерінде қолдануға болатындығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар мақалада әдеби-фольклорлық түркітанудың Қазақстандағы ғылыми мектептермен байланысы, диссертациялық зерттеулер арқылы дербес ғылыми сала ретінде орнығу процесі және көне мұраны қазіргі әдебиеттану парадигмалары тұрғысынан қайта пайымдау қажеттігі де назарға алынады.

Тірек сөздер: әдебиеттанымдық түркітану, әдебиет тарихы, түркі жазба мұрасы, фольклорлық-эпикалық дәстүр, тарихи поэтика, салыстырмалы әдебиеттану, ғылыми мектеп.